

Жаңа оқу жылы құтты болсын!

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 12 (525) 16 қыркүйек 2022 жыл



А Қ П А Р А Т Т А Р А Ғ Ы Н Ы

МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ

Жуырда Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің басшылығын қабылдады. Кездесуге университетіміздің өкілетті Кеңес төрағасы Мухиттин Шимшек, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ұлан Тәжібаев, ректор Жанар Темірбекова, ректор өкілі Женгиз Томар қатысты. Университет басшылығы облыс әкімі лауазымына жаңадан тағайындалған Дархан Сатыбалдыны құттықтап, жұмысына сәттілік пен табыс тіледі. Жүздесуде Түркістан облысын дамыту мен өркендетуге университетіміздің қосар үлесі, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар мен ортақ жобалар талқыланды.

ОНЛАЙН ЖҮЗДЕСУ

Түркия Республикасының вице-президенті жаңа оқу жылымен құттықтады. Түркия Республикасының вице-президенті Фуат Оқтай Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ұжымын, ұстаздар мен студенттерді 2022-2023 жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Университетіміз Түркия Республикасымен тікелей эфир арқылы байланысқа шығып, онлайн жүздесу ұйымдастырды.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА

Түркі дүниесінің
қара шаңырағы -
Халықаралық қазақ-
түрік университетіне
қош келдіңіздер,
білімгер-2022!

Биылғы оқу жылында университетімізге бакалавриат бойынша Мемлекеттік білім гранты конкурсына университетіміздің қабылдау комиссиясы арқылы 2895 талапкер өтініш білдірген, магистратура бағдарламасы бойынша 125 білімгер мемлекеттік білім грантын иеленді. Кешенді тестілеу нәтижесі бойынша 75 және одан жоғары балл жинаған 35 үміткер және 7 шетелдік азамат ақылы негізде оқуға қабылданды, Резидентураның түсу емтиханы нәтижесінде мемлекеттік білім грантына 20 үміткер, ақылы негізде 72 үміткер қабылданды, докторантураға мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде 11, ақылы негізде 1 докторант оқуға қабылданды.

Қабылдау
комиссиясының есебі
жайлы мақаланы 4-5
беттерден оқи аласыз-
дар.

УНИВЕРСИТЕТ- МОЛ МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың атын иемденген Халықаралық қазақ-түрік университеті биылғы жылы да білімгерлерге есігін айқара ашты. Ел Тәуелсіздігімен құрдас оқу ордасы осы уақытқа дейін сан мыңдаған білімгердің бойына білім нәрін сеуіп, қияға қанат қақтырды. Ел үшін қызмет жасайтын қаншама жастарға диплом тапсырды. Айбергеновше айтсақ, «Жанамын деген жүрекке от беретін», студенттердің игілігі жолында жұмыс жасайтын оқу ордасы десек қателеспейміз. Еліміз бен түркі дүниесінің түкпір-түкпірінде Ахмет Ясауи университетін бітірген білікті мамандар жұмыстар атқаруда. Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ - ерекше білім шаңырағы. Ол – ең алғаш ашылған халықаралық жоғары оқу орны және түркі тілдес мемлекеттер арасында халықаралық мәртебеге ие болған білім мен ғылымның ордасы. Мұнда әлемнің отызға жуық елінен келген жастар білім алуда. Бүгінгі білім алушы және ғылыммен шұғылданушы жастарымыз осыны терең түсініп, жаңашыл маман болуға қызығады.

Халықаралық мәртебе және сол сенім мен мәртебеге лайық жауапкершілік университет қызметінің салмағын ауырлата түседі.

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ 1992 жыл Елбасымыз Н.Назарбаевтың бастамасымен сол кездегі Түркия Премьер-министрі – С. Демирелдің қолдауымен халықаралық келісім арқылы құрылған. Екі бауырлас елдің басшыларының Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін түркі әлемнің рухани астанасы – Түркістанда құруы тарихи оқиға, саяси кемеңгерлік, аталарға тағзым деп бағалауға болады. Ал менің ойымша, оқу ордамыз – қазақ-түрік достығының символы. Университет құрылған уақыттан бері заманауи кампус қалыптасып, инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасып жатыр. Университеттің дамуы әрдайым екі елдің басшыларының назарында. Қазіргі кезде оқу ордамызда 10 мыңнан астам білім алушы бар. Атап айтқанда, 19 елдің 40 ұлтының өкілдері бакалавриат, магистратура, резидентура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша білім алуда.

Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ - ХАЛЫҚТЫҢ ҚОЛДАУЫ

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ - МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Жуырда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауын жариялады. Кезекті жолдауды әзірлеу барысында қоғам белсенділері мен білікті сарапшылардың пікірі ескерілгені көрініп тұр. Қоғам тарапынан айтылған сынды және өзекті мәселелерді де тізбектеп, оларды шешу жолдарын атап көрсетті.

Жолдаудың әрбір бөлімі ел мен қоғам үшін маңызды мәселелерді қамтыған. Соның ішінде, үшінші бағдарға ерекше тоқталғым келіп тұр.

Елдің болашағына арналған стратегиялық инвестиция деп аталатын бағдар: «Еліміздің басты құндылығы — адам» деген сөйлемнен басталады. Дәл осы бөлімде ұлт саулығынан бастап, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге дейінгі мәселелер ретімен қарастырылған.

Еліміздегі денсаулық сақтау саласына біршама реформа керек екені жасырын емес. Мұны Президентіміз де айтты. Әрине, жылдар бойы қордаланған түйткілдер бір мезетте шешілмейді. Дегенмен, Жолдауда тапсырылған қаржыландыру мәселесі оң шешілсе, медицина саласының халыққа тиімділігі арта түспек.

Жолдауда мемлекет басшысы егемен еліміздің ертеңгі болашағы - ұрпағымызға дұрыс тәрбие және сапалы білім беруге ерекше назар аударды. Бұл - жоғары оқу орны өкілі ретінде мен үшін аса маңызды мәселе.

Егер біз бүгін ұрпағымыздың балабақшадан бастап бақытты бала болуына жағдай жасай алсақ, ертеңгі нағыз ұлт жанашырларын тәрбиелейміз. Ал оларға мектеп пен университетте сапалы білім беру арқылы келешегімізге баға жетпес инвестиция құйған боламыз. Сондықтан, осы бағыттағы тапсырмаларды өз дәрежесінде орындауымыз қажет.

Мені, әсіресе, жоғары оқу орнындағы білім сапасын арттыру бойынша тапсырмалардың орындалуы қызықтырады. Мемлекет ҰБТ нәтижесінде және басқа да көрсеткіштер бойынша білім беру гранттарын әртүрлі деңгейде бөлуді жоспарлап отыр. Оның көлемі 30-дан 100 пайыз аралығында болады. Түсінген адамға, бұл - өте әділетті шешім.

Білім сапасына қарай оқу бағасын арттыру да маңызды қадам. Оқу сапасын арттыру үшін оған едәуір қаражат бөлінуі керек. Қаражат бөлінуі үшін гранттың саны да, құны да артуы қажет. Гранттың саны көбейгеннен бастап біз оқытушылардың жалақысын

көбейтуге, жатақханадағы материалдық жағдайды түзетуге, жаңа құрал-жабдықтар алуға, өзге де біршама мәселелерді шешуге мүмкіндік алдық. Қазіргі мақсат – университетіміздегі ақылы бөлімнің құнын да гранттың бағасына жеткізу. Себебі, оқу ақысы өскен сайын университетке бөлінетін қаржы мөлшері ұлғайып, ол өз кезегінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

«Білім алуға жылдық 2-3 пайызбен жеңілдетілген несие де беріледі» деген де үлкен жаңалық болды. Президент айтпақшы, бұл шаралар жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қоғамдағы әріптестік пен жауапкершілік қағидаларын нығайта түседі.

Биылғы Жолдауда президент жастарды қолдауға ерекше мән берді. Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50 пайызын 18 жасқа дейінгі балалардың жинақ шоттарына аудару, жастар кәсіпкерлігіне 2,5%-бен жеңілдетілген несие беру, сондай-ақ жоғарыда айтып өткен білім саласына қатысты реформалар сөзімізге дәйек бола алады.

Бұл ретте, мемлекет басшысы педагогтердің мәртебесі мен жалақысын көтерудің де асы маңызды екенін ұмытпады. Сапалы ұрпақ қаласақ, расында, бірінші олардың ұстаздарын қолдауымыз қажет.

Жалпы, Жолдауда адам үшін жүргізілетін стратегиялық инвестицияның құраушы факторларының бәрі қарастырылды.

Зейнетақы жүйесін қайта іске қосу, әйелдердің зейнетке шығу жасын 61 жас деп белгілеу, бала күтіміне ақы төлеу мерзімін бір жарым жылға дейін ұлғайту және т.б. сынды қоғамда талқыланып жүрген мәселелердің айтылуы Президентіміздің әрдайым халықпен бірге екенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, ел басшысы кезекті Жолдауында еліміздің болашақ дамуы мен ертеңгі күнге бетбұрысын айқындап, әділеттік және еңбекқорлық принциптерін басты бағдар ретінде алды. Ең қызығы, былтыр университетіміздің 2022-2026 жылғы Стратегиялық жоспарын қабылдаған кезде біз дәл осы принциптерді орнымыздың басты құндылығы деп бекітіп едік. Халқымыздың, оның ішінде жастарымыздың бойында, қанында батылдық та, батырлық та бар. Бірақ, мына заманда бізге ең қажеті – әділеттік пен еңбекқорлықты насихаттап, бойымызға сіңіріп, Жаңа Қазақстанның жаңа саяси мәдениетін қалыптастыру. Демек, біз - дұрыс жолдамыз!

Жанар ТЕМІРБЕКОВА,
ХҚТУ ректоры

БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕК АТЫНДАҒЫ ШӘКІРТАҚЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Жуырда оқу ордамыздағы мәдениет сарайының кіші залында көзі қарақты көрерменге танылып үлгерген журналист Бейсен Құранбектің шәкіртақысын табыстауға арналған жиын өтті. Қарапайымдылығы мен миллиондаған көрерменнің жүрегінен орын алған тау тұлғаның атындағы шәкіртақы ізінен еріп келе жатқан жас журналистерге берілді.



Жиынға Қазақстан Журналистер одағының Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Ғалымжан Елшібай, Түркістан облыстық іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы, облыстық мәслихат депутаты Инара Намазбаева және Түркістан медиа-холдингінің бас директоры Жанахмет Ағыбай, университетіміздің әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Асқар Тұрғанбаевпен қатар БАҚ өкілдері, журналистика мамандығының оқытушы-профессорлары мен студенттері қатысты. Жиынның модераторы Ғалымжан Елшібай телеарна саласына жаңа леп әкелген Бейсен Құранбекті үнсіз еске алып, курстасы

жөнінде аз-кем сыр тартты. Шарада Түркістан медиа-холдингінің бас директоры Жанахмет Ағыбай Бейсен Құранбек жайында естеліктермен бөлісіп, «Түбі бір түркі әлеміне ортақ оқу орда мен біздің телеарна егіз секілді, алда ынтымақтастық аясындағы ірі шаруалар күтіп тұр»- деді.

Журналист Бейсен Құранбек атындағы шәкіртақы журналистика кафедрасының 1-курс студенті Әсел Медеуге, 3-курс студенті Құмаргүл Досанхан мен 4-курс студенті Шаюра Жорахановаға табысталды. Айта кетейік, биылғы Бейсен Құранбек атындағы шәкіртақыға Түркістан облыстық іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы, облыстық мәслихаттың депутаты Инара Намазбаева демеушілік жасауда.

2023-2024 оқу жылы Бейсен Құранбек атындағы шәкіртақы білімгерлерімізге тағы да табысталады болады. Себебі, Бейсен Құранбектің өмірдегі жақын досы Жанахмет Ағыбай «Айтуға оңай» бағдарламасымен елді елең еткізген тележүргізушінің атындағы шәкіртақыға демеушілік жасауды өзінің азаматтық борышы санайды. Сондай-ақ стипендия иегерлерін жұмысқа орналастыру жөнінде игі істер атқармақ. Міне, елімізде осындай ерлер барда Бейсен Құранбек те, оның атындағы стипендия да өміршең. Жиынды журналистика кафедрасының оқытушысы Бекжігіт Серделі қорытындылады. Оқу орнымыздағы білімгерлерге

стипендия ұсынып отырған демеушілерге студенттердің атынан шын жүректен алғыс білдірді. Ұстаздың айтуынша, стипендияны үздіктердің үздігі иеленуі үшін студенттерге конкурс ұйымдастырылған. Шара ақын жазушылардың шеберлік сыныптарына ұласты.



Гүлдана
ҚАРАБЕКОВА

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Қазіргі таңда ең қарқынды белсенді жүйе әлеуметтік желілер. Әлемді жаулаған бұл жүйе ең ауқымды болғандығымен қатар, тіпті онсыз елестету мүмкін емес. Құрылымы кең және түрлі смартфондар, компьютерлер, ноутбуктар арқылы жүзеге асады. Ғаламторлар түрлі қосымшалар өмірімізден айтарлықтай орын алып, бір мүшесіне айналды десек те артық етпес. Алайда пайдасы мен зиянын да ескергеніміз жөн.

Ең алдымен, зияны туралы не білеміз?

Адамға физиологиялық, моралды және психологиялық түрде әсер етеді. Жалпы қоғамдағы желі қолданушылар қатарында алдыңғы санатта келе жатқан жастар қауымы. Өртүрлі компанияның өніміндегі смартфондар, қондырғылар соның ішіндегі интернет желілері: Instagram, Youtube, Whats App, V Kontakte, Facebook, Google Chrome, TikTok қосымшалары көп қолданылады. Өміріміздің жарты күнін желілерге арнаумен өткіземіз. Физикалық қимыл қозғалыстар азайып, денсаулығымызға едәуір кері әсерін тигізеді. Шамадан тыс ұзақ уақыт қолданылған жағдайда миымыздың ойлау қабілеті төмендеп, түрлі психологиялық залалдар әкелуі әбден мүмкін. Соның салдарынан шаршаңқылық, әлсіреу, көз ауруы сынды жағдайлар орын алады. Сондықтан уақытылы қолданып, мейілінше аз қарағанымыз дұрыс. Әрине кейде жұмыс бабымен шұғыл ұзақ қолданатын кездер туындайды, алайда осы нәрселерді ескере отырып, үзіліс жасап тұрғаныңыз абзал.

Қоғамда бұл жайттар айтылып жүргенімен толықтай орындалмайтыны белгілі. Себебі, әрбір жасалынып жатқан істеріміздің көпшілігі интернет арқылы жүзеге асады. Әрі тез әрі көп уақытты талап етпейді. Ендеше ендігі кезекте пайдасы жайлы атап өтейік. Желі арқылы хат хабар алмасу, жаңалықтар тарату сондай-ақ құжаттар әзірлеу, зат сату, сатып алу, төлем жасау сынды дүниелер онлайн түрде де орындалады. Желіні қандай бағытта пайда-

лану өзіңізге байланысты. Жай уақыт өткізу ме? Әлде пайдалы нәрселерге жұмсайсыз ба? Мәселен интернет жұмыстар: СММ, ТАРГЕТОЛОГ, МАРКЕТИНГ, ВЕБМАСТЕР, КОПИРАЙТЕР, КОНТЕНТ МЕНЕДЖЕР, ІТ МАМАНДАРЫ қазіргі ең оңай әрі тиімді жалақысы да жоғары жұмыстардың қатарында. Пайдалы қосымшалар да өте көп. Мысалы, тіл үйрену жаттығулары, онлайн кітаптар, интеллектуалды балаларға



арналаған жиынтықтар, сайттар, лайфхактар және т.б. Сондықтан қоғамдағы бұл факторды өзімізге пайдалы ететін де, зиянды ететін де өзіміз.

Көркем ӘБДІҒАЛИ,
2-курс студенті

ОТАНДЫ СҮЮ - ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

«Отан - отбасынан басталады» демекші, отбасы - адамның бірінші тәрбие құралы. Адам отбасында нені көріп өседі, бірінші кезекте сол бойынша тұлға болып қалыптасады. Әрине балабақша, мектеп қоғамдық ортаның да ықпалы зор. Алайда ата-ананың тәрбиесін алмастыра алмайды.

Біздің қоғамда бала қателік жасап қалса «сенің әкең кім?» немесе «мынаның анасы кім?» деген сияқты түсінік қалыптасқан. Осы нәрсенің өзі осы осы тақырыпқа дәлел бола алады. Бала жақсы болса, ата-ананың даңқын көкке көтереді. Жаман бала жақсы ата-ананы ұятқа қалдырады. Тәрдегі басын есікке сүйрейді.

Өз артықшылықтары үшін баланы қараусыз қалдыратын немесе тәрбиені керісінше беретін отбасылар да бар.

Осындай мәселеден үлкен қоғамдық мәселелер пайда болады. Қазіргі кездегі өз еліне қастандық жасайтын, қоғамға зияны тиетін адамдардың ісі тікелей оның тәрбиесіне байланысты деп ойлаймын.

Сондықтан әр отбасы жақсы тәрбие, жақсы білімді ескерсе әр адам жақсы тұлға бола алады. Осы ретте теңіздің тамшыдан басталатынын ескерсек, әрбір отбасы қоғамның жеке бір бөлшегі. Сондықтан ұяда көрген өнегелі істерді ұшқанда көрсететін ибалы қыздар мен намысты ұлдар көп болсын дегім келеді.

Назым САУРБАЕВА,
2-курс студенті

КӘСІБИ БАҒДАР

Қабылдау комиссиясы хабарлайды: МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫ КОНКУРСЫНА

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қабылдау комиссиясы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңына, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына, «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы 2008 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 58 Қаулысына, «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығына, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бакалавриат бағдарламаларына қабылдау ережесіне сәйкес жұмыс жүргізді.

Алдын-ала ұйымдастыру шаралары:
1) Талапкерлерге ҰБТ тапсыру, мамандық таңдау және мемлекеттік білім гранты конкурсына қатысу ережелері бойынша 2022 жылдың сәуір және мамыр айларында еліміздің Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау, Ақтау қалаларында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Университетіміздің сайтында талапкерлерге қатысты мәліметтер толық жаңартылып, қажетті мәліметтер жүктелді (<http://talarker.yuu.edu.kz/>). Мемлекеттік білім беру гранты конкурсы кезінде Call center және онлайн кеңес беру орталықтары құрылып, талапкерлерге жоғары оқу орнына қабылдау бойынша кеңестер беріліп, қызмет көрсетілді.

2) Қабылдау комиссиясының техникалық қызметкерлерінің құрамы бекітіліп, Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары бойынша семинарлар өткізілді.

3) Талапкерлер үшін университетіміздің №3 оқу ғимаратында қызмет көрсету орталығы ашылып, қажетті компьютерлер мен техникалық құрал жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде шығармашылық емтихандарды қабылдау комиссиясының құрамы университет ректорының 17.06.2022 жылғы №106 бұйрығымен емтихан қабылдау комиссия құрамы, 17.06.2022 жылғы №108 бұйрығымен апелляциялық комиссия құрамы бекітілді. Шығармашылық емтихандарды өткізу кестесі университет сайты мен ақпарат желілеріне ілінді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне оқуға түсушілерден шығармашылық емтихандар бойынша төменде тізімде көрсетілген 10 білім беру

бағдарлама тобына қабылдау жүргізілді. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалар тобы бойынша барлығы 656 талапкер құжат тапсырды.

МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫ КОНКУРСЫНА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ
Ұлттық тестілеу орталығының арнайы базасы арқылы 2022 жылдың шілде айының 13 мен 22 күндері аралығында мемлекеттік білім беру гранты конкурсына талапкерлерден құжат қабылданды. Талапкерлер конкурсқа офлайн және Zoom бағдарламасы арқылы онлайн түрде өтініш берді. Талапкерлер үшін 19 техникалық хатшы қызмет көрсетіп, арнайы компьютер және қажетті



техникалық құралдармен жабдықталған қызмет көрсету орталығы жұмыс істеді. Университетіміздің ерікті студенттері мемлекеттік білім гранты конкурсы кезінде талапкерлерге мамандық таңдауда, білім беру бағдарламалары бойынша бөлінген білім гранты саны, бейіндік пәндер, университеттер туралы кеңес беру қызметтерін атқарды. Мемлекеттік білім гранты конкурсына университетіміздің қабылдау комиссиясы арқылы 2895 талапкер өтініш берді. Түскен өтініштер техникалық хатшылар тарапынан толық тексеріліп, өңделді. Мемлекеттік білім гранты конкурс кезінде талапкерлер үшін Call center және Zoom платформасы арқылы онлайн кеңес беру қызметі көрсетілді. Сонымен қатар, университетіміздің әлеуметтік желісі yassawi.university.official инстаграм парақшасы арқылы мемлекеттік білім гранты конкурсына құжат тапсыруға байланысты арнайы роликтер түсіріліп, таратылды.

ТАЛАПКЕРЛЕРДІ СТУДЕНТТЕР ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ

Республикалық конкурстық комиссия жұмысының қорытындысы бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 655 мемлекеттік білім грантын иеленді. Түркия Республикасы және Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген 175 талапкер мемлекеттік білім грантына қабылданды. Мемлекеттік білім гранты иеленген талапкерлер 11-25 тамыз аралығында

университетіміздің қабылдау комиссиясын құжаттарын тапсырды. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Гуманитарлық ғылымдар саласы Дінтану және теология білім беру бағдарламасы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кадрлар даярлауға 2022-2026 оқу жылына арналған білім беру тапсырысы бойынша 13 әкімдік гранты берілді. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасын жүзеге асыру аясында университетімізге 10 грант берілді. Грант конкурсына қордың талаптарына сәйкес ҰБТ тапсырған және шекті балын жинаған ауылдық жерлердегі жағдайы төмен отбасылардан шыққан, жетім бала санатына жататын және кәмелеттік жасқа дейін ата-анасының қамқорынсыз қалған, мүмкіндіктері шектеулі, соның ішінде мүгедектігі бар тұлғалар қатысты. Нәтижесінде қордың талаптарына сәйкес 10 талапкер «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранты иегері атанды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2022 жылғы 28 мамырдағы №72 Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімімен Түркия Республикасы тарапынан ҚР азаматтары үшін бөлінген Түркия квотасы конкурсына 14-18 тамыз аралығында талапкерлерден құжат қабылданды. Конкурсқа 855 талапкер құжат тапсырып, 500 талапкер Түркия квотасын иеленді. Ақылы негізде оқуға ниет білдірген талапкерлерден тамыз айының 25-не дейін құжат қабылданды. Жалпы ақылы негізде оқу үшін 776 талапкер құжат тапсырды.

МАГИСТРАТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТОБЫ БОЙЫНША

Магистратураға түсушілер Кешенді тестілеуге (КТ) қатысу үшін Ұлттық тестілеу орталығының <https://app.testcenter.kz/> ақпараттық жүйесі арқылы күнтізбелік жылдың 1 маусымы мен 15 шілдесі аралығында әрбір үміткер онлайн тіркелу арқылы жүзеге асырылды. Магистратураға түсуші үміткерлерге кешенді тестілеу, білім беру бағдарламалары бойынша кеңес беру үшін Call center және онлайн кеңес беру жүйесі жұмыс жасады. Кешенді тестілеу 2022 жылдың шілде айының 20 мен тамыз айының 10 аралығында өткізілді. Мемлекеттік білім беру гранты конкурсына үміткерлерден құжаттар офлайн және виртуалды қабылдау комиссиясы арқылы қабылданды. Магистратураға шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау ережесіне сәйкес түсу емтиханы арқылы жүзеге асырылды.

Республикалық конкурстық комиссия жұмысының қорытындысы бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті магистратура бағдарламасы бойынша 125 мемлекеттік білім грантын иеленді. Кешенді тестілеу нәтижесі бойынша 75 және одан жоғары балл жинаған 35 үміткер және 7 шетелдік азамат ақылы

ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

негізде оқуға қабылданды.

РЕЗИДЕНТУРА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТОБЫ БОЙЫНША

Резидентураға жоғары білімнің және интернатураның білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалардан өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 03-25 шілдесі аралығында университеттің қабылдау комиссиясы арқылы жүргізілді. Резидентура білім беру бағдарламалары бойынша 227 үміткер құжат тапсырды. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесіне сәйкес тамыз айының 9-күні тест, 11-13 тамыз күні сұхбаттасу емтиханы өтті. Резидентураның түсу емтиханы нәтижесінде мемлекеттік білім грантына 20 үміткер, ақылы негізде 72 үміткер қабылданды.

ДОКТОРАНТУРАҒА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТОБЫ БОЙЫНША

Докторантура бағдарламасына түсуші

үміткерлер 2022 жылдың шілде айының 3 мен тамыз айының 3 күндері аралығында Ұлттық тестілеу орталығы <https://app.testcenter.kz/> ақпараттық жүйесі арқылы тіркеліп, құжаттары қабылдау комиссиясына келіп түсті. Докторантураға түсу емтиханына қатысу үшін үміткерлер қабылдау комиссиясына құжаттарын өткізіп, халықаралық сертификаттарының түпнұсқалығын растағаннан кейін қабылдау комиссиясының сүйемелдеуімен <https://phd.testcenter.kz/> ақпараттық жүйесі арқылы тіркеп отырды. Университет бойынша докторантура білім беру бағдарламаларына 35 үміткер өтініш білдірді. ҰТО арқылы 19 үміткер, университеттің қабылдау комиссиясы арқылы денсаулық сақтау саласы бойынша 16 үміткер құжаттарын тапсырды. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына сәйкес TOEFL ITP сертификаты бар 9 үміткер докторантураға түсу емтиханы

басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырды. Нәтижесінде екі үміткер 75 балдан жоғары балл алды, бес үміткер 75 балдан төмен балл алды, екі үміткер емтиханға кірмеді.

Түсу емтиханына кірген 17 үміткердің ішінен 7 үміткер 75 және одан жоғары балл алды. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламаларының докторантура-сына қабылдау екі кезеңмен жүргізілді: алдын ала іріктеу, түсу емтихандары. Денсаулық сақтау (медицина) бағыты бойынша докторантураға түсу емтиханы бекітілген кестеге сәйкес 2022ж. 16 тамызда өткізілді. Докторантураның түсу емтиханы нәтижесі негізінде 2022 ж. 27 тамыз күнгі қабылдау комиссиясының мәжілісінің шешімімен мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде 11, ақылы негізде 1 докторант оқуға қабылданды.

Еділ ТӨЛЕГЕНОВ,
Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы

КЕҢЕСШІЛІК ҚЫЗМЕТІМ КЕРЕМЕТ ӘСЕР ҚАЛДЫРДЫ

Мен мемлекеттік білім беру гранты конкурсы кезінде талапкерлерге мамандық таңдау, білім беру бағдарламасы бойынша бөлінген білім беру гранты саны, бейіндік пәндер, университеттер туралы кеңес беру қызметін екі жыл қатарынан атқарып келемін. Бұл қызметке оқу ордамыздың



студенттері ара-сынан еріктілер қабылданатын. Алғашқы курсты тәмамдағанда басшылықтан қабылдау комиссиясында жұмыс істеуге ұсыныс түсті. Мен қуана келістім. Жақсы жалақы төленді. Биыл бәрі де өзгеше болды. Әуелі жастар саясат департаментінің ұйымдастыруымен амбассадорлардың кастингі өтті. Мұнда студенттің өзін

еркін ұстауы, көпшілікпен қарым-қатынасы, белсенділігі, оқу ордамыз жөнінде толыққанды ақпарат білуі, компьютерлік сауаттылығы сыналды. Тапсырмаларға толы іріктеуге 30 студент өтініш білдіріппіз. Сынақтан сүрінбеген он бесімізді амбассадорлардың қатарына қосты. Біз ақпан айында жұмыс бастап кеттік. Сәуір айында өзге қалалардағы мектептерде болдық. Оқушыларды университеттің артықшылықтарымен таныстырдық. Мамандық таңдауда бағыт-бағдар бердік. Содан талапкерлердің білім беру грантына құжат тапсыру уақыты да таяды. Құжат тапсыру конкурсы офлайн әрі зоом арқылы онлайн қабылдау жүйесімен жүзеге асты. Техникалық-хатшы, маман көмекшілері талапкерлердің құжаттарын қабылдаумен айналысты. Біздер call центрге, медиаға жауаптылар, кеңесшілер болып бөліндік. Бірақ, барлық салада жүрдік. Араға апта салып ауысып отырдық. Соның ішінде кеңесшілік қызметім керемет әсер қалдырды.

Асылзат ҚҰРМАНОВА,
Жаратылыстану факультеті,
ғылыми физика мамандығының 3-курс студенті

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАҢА МАМАНДЫҚ

2022-2023 оқу жылында Экономика, басқару және құқық факультетіндегі өзгеріс мейрамхана ісі мамандығының ашылуы. Өкінішке орай жаңа мамандыққа 1 ғана студент қабылданды. Оның өзі грант иегері. Біз мамандықтың ашылғаны жөнінде ауызекі ақпараттар тараттық. Әлеуметтік желілерде жазбаша жарияладық. Бірақ, мейрамхана ісі мамандығына келген талапкерлердің бал көрсеткіші төмен болды. Біз 60 балдан төмен жинаған талапкерлердің өтінішін қарастырмадық. Мейрамхана ісі мамандығына бөлінген квотаны да пайдалана алмадық. Меніңше, биылғы жылы мейрамхана ісі мамандығына барлық жерде жарнама жұмыстарын жүргізу керек. Сондай-ақ, мамандыққа қабылдаудың шектік балын төмендету қажет секілді.

Гүлмира МОМБЕКОВА
Экономика, басқару және құқық факультеті
менеджмент кафедрасының меңгерушісі

Р.С. Амбассадор бола салу оңай шаруа емес. Ол үшін танымал, өзіндік аудитория қалыптастырған тұлға болудың маңызы жоғары. Кез келген компанияның амбассадор маманды таңдауда өзіндік талаптары бар. Сол талаптарға сай тұлға да іздейді.

Қарапайым тілмен тағы бір түсіндірер болсақ, амбассадор деген компанияның ресми өкілі әрі бетке ұстары. Ол брендтің танымалдылығын арттыру жолында жұмыс жасайды. Конференцияларға қатысып, жаңа өнімнің артықшылықтарын хабарлайды. Сондай-ақ өзі де сол бренд өнімдерін тұтынады. Өнімді бағалап, оны жарнамалайды. Түрлі суреттер мен арнайы бейнероликтеріне түседі.

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK, TÜRKİYE CUMHURİYETİ CUMHURBAŞKANI YARDIMCISI SN. FUAT OKTAY'I ZİYARET ETTİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Yardımcısı Sn. Fuat OKTAY'ı ziyaret etti. Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Sn. Fuat OKTAY'a Üniversitemize sağladığı desteklerden dolayı teşekkür ederek 2022-2023 Eğitim-Öğretim döneminde Üniversitemizde gerçekleştirilecek olan projelerle ilgili bilgi arz etti



AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK, TÜRKİSTAN EYALET VALİSİ DARHAN SATIPALDI İLE GÖRÜŞTÜ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Zhanar TEMİRBEKOVA ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz TOMAR ile birlikte Türkistan Eyalet Valisi Darhan Satıpalı ile görüştü. Görüşmede Ahmet Yesevi Üniversitesinin güncel durumu, akademik faaliyetleri ve sportif başarıları ele alındı.



AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİNDE V. ULUSLARARASI EKONOMİ, FINANS VE ENERJİ KONGRESİ BAŞLADI

Ahmet Yesevi Üniversitesinin ev sahipliği ve International University of Sarajevo, University of New York Tirana, İbn Haldun Üniversitesi iş birliğiyle 07-09 Eylül 2022 tarihleri arasında Türkistan'da gerçekleştirilecek EFE' 2022 açış konuşmalarıyla başladı. Kongrenin ilk konuşmacısı olarak söz alan 5. Uluslararası Ekonomi, Finans ve Enerji Kongresi Başkanı Prof. Dr. Nevzat ŞİMŞEK konuşmasında kongrenin amacı ve temalarından bahsetti. Daha sonraki açış konuşmaları Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz TOMAR, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Rektörü Dr. Zhanar TEMİRBEKOVA, Gençlik ve Spor Bakanlığı Müsteşarı Selim CERRAH, New York Tiran Üniversitesi Yönetim Kurulu Üyesi Dr. Hasan TAŞÇI, İbn Haldun Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Atilla ARKAN ve Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Mütevelli Heyeti Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK'in takdimleriyle devam etti. Davetli konuşmacı Türkiye Büyük Millet Meclisi Plan ve Bütçe Komisyonu Başkanı Dr. Cevdet YILMAZ'ın açış sunumlarının ardından gerçekleştirilen konuşmacılara hediye takdiminin ve anı fotoğrafı çekiminin sona ermesiyle kongrenin eş zamanlı oturumları başladı. Kongre 09 Eylül 2022 Cuma gününe kadar hibrit olarak devam edecek.



T.C. Cumhurbaşkanı Yardımcısı Sn. Fuat OKTAY'ın Teşrifleriyle Ahmet Yesevi Üniversitesi 2022-2023 Akademik Yılı Açılışı Gerçekleştirildi

Ahmet Yesevi Üniversitesi 2022-2023 Akademik Yılı açılışı, T.C. Cumhurbaşkanı Yardımcısı Sn. Fuat OKTAY'ın katılımı ile gerçekleştirildi. Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesinde gerçekleştirilen programın açış konuşmasını Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK yaptı. Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Ahmet Yesevi Üniversitesinin 16 binden fazla öğrenci, 2200'den fazla akademisyen ile Türkiye ve Kazakistan'ın önemli bir üniversitesi olduğuna vurgu yaptı. Prof. Dr. ŞİMŞEK Cumhurbaşkanımız Sn. Recep Tayyip ERDOĞAN'ın Ahmet Yesevi Üniversitesinin Türk Dünyası için önemi vurgulayan konuşmasını izleterek Cumhurbaşkanımız Sn. Recep Tayyip Erdoğan'ın koymuş olduğu vizyonu kendilerine misyon edindiklerini ve bu vizyon doğrultusunda Üniversitemizi devamlı ileriye götüreceklerini vurguladı. Türkiye'den TİKA, TYB, THY gibi birçok kurum ve kuruluşların desteklerini alarak öğrenci ve akademistene öğrenci ve akademisyenleri her daim desteklediklerini belirtti. Konuşması sonrası Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK sözü Sn. Fuat OKTAY'a bıraktı.

T.C. Cumhurbaşkanı Yardımcısı Sn. Fuat OKTAY sözlerine Ana yurttan ata yurda selamlarını ileterek 2022-2023 Akademik yılının öğrenci ve akademisyenler için hayırlı olması temennisiyle başladı. Sn. Fuat OKTAY'ın konuşmasından satır başları şu şekildedir:

Şahsımı mart ayında yaptığım ziyarette fahri profesör unvanı ile onurlandırdınız. Ben de şahsen Ahmet Yesevi Üniversitesinin bir parçası olmaktan gurur duyuyorum.

Kalemimiz Hoca Ahmet Yesevi'den, cetveliniz Uluğ Bey'den ilhamla işlesin. Fikirleriniz Muhammed Harezmi, Ahmet Fergani, Ebu Reyhan Biruni, İbni Sina ve Ebu Nasr Farabi gibi abide isimleri yaşatsın. Her fakültemizin kendi alanında başarılarından uluslararası alanda söz ettirmesini, özellikle yapay

zeka, artırılmış sanal gerçeklik, medikal nano teknolojiler, akıllı malzemeler ve biyomoleküler gibi alanlarda yeniliklere imza atmasını bekliyoruz. İnanıyorum ki her biriniz böyle bir üniversitede olmanın anlamını kavrayarak azim ve kararlılıkla çalışacak, hocalarımızın destekleriyle başarıdan başarıya koşacaksınız.

Ahmet Yesevi Üniversitesi tüm personeliyle Pir-i Türkistan Hoca Ahmet Yesevi'den feyz alarak geleceği inşa etmektedir. Dilimizi ve değerlerimizi ata yurdunda yaşatmaktadır. Düşünce ve irfan bayrağımızı zamanın ötesine taşımaktadır. Üniversitemizin bugün geldiği nokta 30 yıl önce temelleri atılırken Türkiye ve Kazakistan'ın birlikte oluşturduğu mefkûrenin hayata geçtiğini göstermektedir. Türk Dünyasının ilk ortak devlet üniversitesinde ortak bir tarih ve kültür misyonu ile kardeşlik ve dayanışmayı perçinlemektedir.

Türk-İslam medeniyetinin ilim paradigması, daha güçlü şekilde ihya edilmeyi bekliyor. Binlerce yıllık tarihi birikimin muhasebesini yaparak, geleceği inşa etmenin sorumluluğunu taşıyoruz.

Günümüzde nitelikli insan kaynağının artan önemi ve bilginin katlanma hızı ile birlikte üniversiteler, her zamankinden çok daha belirleyici konumdadır. Yükseköğretime ciddi yatırım yapan ve bu konuda akılcı politikalar uygulayan ülkelere baktığımızda her birinin bölgesel ve küresel güç olma yolunda gelişme gösterdiklerini görebiliriz. Bizler, Cumhurbaşkanımız liderliğinde nesillerin en iyi şekilde yetişmesi ve akademik üretimin sürdürülebilir şekilde katma değere dönüşmesi için yükseköğretim konusuna azami önem veriyoruz.

Yükseköğretimde vizyonumuz, üniversitelerimizin üretkenlik, inovasyon ve sürdürülebilir ilerlemenin markalaşmış birer merkezi haline gelmesidir. Bu hedefle ilerlerken geçmişten, kültür ve bilgi mirasımızdan kopuk olmak gibi bir lüksümüz bulunmamaktadır. Nesillerimizin, köklü tarihinin bilincinde, bu bilinçle geleceğe

söyleyecek sözü olan, özgüveni ve azmi yüksek şekilde yetişmeleri için çalışıyoruz. Sadece Türkiye'yi, Batı'yı değil; Doğu'yu, Tanrı Dağları'ndan Altay Bozkırları'na atayurdunu bilen, hisseden ve yaşayabilen zihinlerle ilerleyeceğimize inanıyoruz. Sizlerin de bu duygu iklimi içinde olduğunu biliyor, yeni başlayan akademik yılda her birinizden çok daha fazla gayret ve fedakarlık bekliyoruz. Türk-İslam medeniyetinin ilim paradigması, daha güçlü şekilde ihya edilmeyi bekliyor. Binlerce yıllık tarihi birikimin muhasebesini yaparak geleceği inşa etmenin sorumluluğunu taşıyoruz. Bu coğrafyada, Moğollar, dönemin en kıymetli eserlerinin bulunduğu kütüphaneleri yakıp yıkarken, ilmi birikime alimler sahip çıkmadı mı? Bağdat yerle bir edildiğinde, kültürel mirası bugünlere taşıyan ulema değil miydi? Medeniyet birikimine sahip çıkarak geleceğe yürümek için gün bugündür.

2022-2023 Akademik Yılı'nda, diğer Türk devletlerindeki üniversiteler başta olmak üzere üniversiteler arası iş birliklerinin, özgün araştırmaların, tasarımın ve inovasyonun güçlendirilmesini isteyerek, "Üniversitemizin kuruluş mantığında yatan fikir birliği temelinde bunu hep birlikte yapalım. TİKA, YTB, YÖK, THY, ASELSAN ve TUSAŞ gibi kuruluşlarımızla birlikte hayata geçirilen ortak projelerin faydalı sonuçlar verdiğini hepimiz biliyoruz. Bu iş birliklerinin daha ileriye taşınması ve üniversitemizin yükseköğretimde nitelik açısından daha ileriye gitmesi için üzerimize düşen ne varsa yapmaya devam edeceğiz.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK'e, Rektör Dr. Zhanar TEMİRBEKOVA'ya, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz TOMAR'a, tüm akademisyen ve öğrencilere hayırlı bir yıl diliyorum. Türkiye-Kazakistan ezeli kardeşliğinin ve dostluk ikliminin giderek güçlenmesini temenni ediyorum.

AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ ÖĞRENCİSİ MADINA AMAN BRONZ MADALYA KAZANDI

Üniversitemiz Beden Eğitimi ve Spor bölümü öğrencisi Madina Aman, Bulgaristan'ın Sofya kentinde düzenlenen U-20 Dünya Kadınlar Güreş Şampiyonasında 59 kg kategorisinde bronz madalya kazandı.

Öğrencimizi tebrik eder, başarılarının devamını dileriz.



ЕРКІН ОЙ

ЖАНСӘУЛЕ

Адамның көңілі өте нәзік. Ол – ер, әйел жынысына бөлінбейді. Баршамыз сезімнің жетегіндеміз. Бұл – ақиқат!

Өмір сынақ үшін берілген деседі. Бұған келісеміз. Қарап тұрсаңыз, адам баласының мойнынан қыл арқан түспейтін сияқты. Қай жерді бассаңыз да, қауіп жоқ емес. Көшеде абайлап жүрмесеңіз, көлікке кедергі боласыз. Жұмыстың жайы айтпаса да түсінікті.

Ал тірлік тұнып тұрған бәсекелестіктен тұрады. Сондықтан өлшеулі ғұмырда, жан қалауымен ғұмыр кешкен дұрыс-ақ. Бірақ шектен шықпаған жөн.

Шіркін-ай!
Жазушы Ғабиден Мұстафин «Күн жылытпайтын суық көңілді, сөз ғана жылыта алады» депті. Ғажап сөз. Әй, деседі, көбіміз осындай сөздің қадіріне жетпей жүрміз-ау.

Қазір көбіміз арманшыл болып алдық. Анаған да, мынаған да елегізіміз. Анау да болғымыз келеді, мынау да болғымыз келеді. Шындығында адам болуға құштарлық аз.

Бәлкім, заман бәрімізді дүниенің соңына бұрып жіберді ме екен! Кім білсін?! Айналаңа қарасаң, сынаушы, мінеуші көп. Оған жауап қатсаң, бәлеге қалдың. Дегенмен, қашанғы шыдауға болады. Оның да жауабы бұлыңғыр. Сол сынап тұрғандар, өздерін жасытып тұрғанын білер ме екен. Әй, қайдам! Атақты адамдардың артынан сын көп айтылады. Олар қайтіп, шыдайды? Соған таңданамын. Демек, сын ерсе, сіз

биікке жетіп қалды деген сөз ғой!

Көкірегіміздегі гүл үп еткенге тербеліп тұрады. Көңілдің жадырауы да, сөнуі де бір ауыз сөзге байланысты. Осыны ұмытпайық. Жас жалынның отын сөндірмейік. Қайта қолдап қуаттап жүрейік. Болашаққа одан мықты азамат шықса, таңданғанның көкесі сонда болар.

ШЫДАҢЫЗ! Ғұлама Құтып «Шатысқан істің шешімі – шы-

дам» депті. Мүмкін солай шығар. Мұқағали ақын:

Шыда, шыда
Шыдай түс, шыда
тағы

Шыдамдыны мына өмір ұнатады...

Шіркін-ай! ақындар көңілдің қылын шертіп жеткізеді ғой. Бірақ ердайым шыдай бере алмайсыз. Кейде сындырып жібере жаздайды. Майысқан шыбықтай қайта қалпыңа келесіз. Жан-жақтан жеп жатқанда, қасқайып тұрмасаң, енді тұрмастай етеді. Үндемесен, мойныңа мінеді. Ал солай етсе, түсуі қиын. Сол себепті кісіге зиянымызды тигізбейік. Қайта

қолдайық. Бәріміз де ет пен сүйектен жаралдық қой.

P.S. Өмір – Гималай. Жігерлі – шыңға шығасыз. Әлсіз құлайды. Үшінші нұсқа жоқ. Өзіңіздің арман мұратыңызға жетіңіз. Ең бастысы – аялдамаңыз. Бәрі алда!

Азиза ЖОЛДЫБАЕВА



ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ - СІЗДІҢ ГАЗЕТИҢІЗ!

Құрметті оқытушы-профессорлар қауымы!
Қымбатты студенттер!

«Ясауи университеті» университеттік газеті - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің төл басылымы. Газет 1994 жылдан бері шығып келеді. Негізгі бағыты – университеттің мәдени-көпшілік орында-

рында және факультеттерінде өтіп жатқан басты-басты жаңалықтармен оқу-орын қызметкерлерін, ұстаздар мен студенттер қауымын таныстырып отыруға бағытталған.

Газеттің ең басты мақсаты – университеттегі қызметкерлерді, оқытушылар мен студенттерді ғылыми, қоғамдық, мәдени жаңалықтармен, факультеттерде өткен шаралармен, жаңа оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен, монографиялармен, сонымен қатар студенттің мамандық игерудегі жаңа көркем шығармашылықтағы табыстарымен таныстыру. Сонымен қатар университеттегі жазуға бейімі бар студенттердің шығармашылығын арттыру. «Ясауи университеті» газеті негізінен студенттерге арналып, ізденушілердің көмегімен жарық көрген басылым.

Университеттің үздік студенттерінің ғылым мен білімдегі, спорттағы, қоғамдық жұмыстардағы жеткен жетістіктері баяндалады.

Осыған байланысты газетке жазарыңыз, айтар ойыңыз болса мархабат! Біз сіздерден тың ойлар мен тиімді ұсыныстар, қызықты мақалалар күтеміз!

Редакция ұжымы



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа және PR орталығы:

журналистер:

Эльмира АРТЫҚБАЕВА

Гүлдана ҚАРАБЕКОВА

Фото маманы:
Нахып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassauy@mail.ru